

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тұзбен ойнаймыз - шынығамыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.12.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/148043/**Ашық көрсетілім (Ата-анамен бірлескен жұмыс).****Тақырыбы: «Тұзбен ойнаймыз — шынығамыз»**

Міндеті: Балаларды ересектермен бірге мазмұнды қарапайым ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойындарға қызығушылығын дамытуға ықпал ету, шынықтыру шараларын орындауға үйрету. Ойындар кезінде жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін орындауға өз бетінше ықылас танытуға үйрету. Балалардың ойын әрекетіне ата-аналар қауымдастығын тарту.

Қажетті құрал-жабдықтар: Түрлі-түсті ойыншық машиналар, тырма күрек, түрлі-түсті ойыншық доптар, түрлі түсті шарлар, түсті қағаздар, әр-түрлі геометриялық сақиналар.

Әдіс — тәсілдері: Әңгімелесу, көрсету, ойын сұрақ-жауап.

Барысы:

Балалар, бүгін сендердің аналарың бүгін қонаққа келді. Бізбен бірге тұзды шахтада ойындар ойнайды.

- Балалар қане маған назар аударыңдаршы? Біз өзіміздің жақсы көретін «Топ-топ» әнін айтайықшы.
- Жарайсыңдар балалар.
- Балалар енді сендермен бірге көңілді піл ойынын ойнаймыз.

№ 1 Ойын тапсырма**Тақырыбы: «Көңілді піл»**

Шарты: Балалардың көз деңгейінде орналасқан пілдің макетіне балалар геометриялық пішіндерден жасалған сақиналарды лақтыру арқылы орналастырады.

- Жарайсыңдар балалар, енді жүк көлігі ойыншықтарымен ойындар ойнаймыз.

№2 ойын тапсырма.**Тақырыбы: «Түрлі-түсті камаздар»**

Шарты: Балалар жүк көлігімен жануарларды тасымалдайды. Оларға баспана құрастырып, тұздан төмпешіктер жасап ойнайды. Балаларға сұрақ қоямын. Қандай жануарларды тасымалдап бара жатырсың. Күрегіңнің түсі қандай?

- Балалар осы тұзды бөлмеде еркін дұрыс тыныс алуымыз керек. Себебі тұзды бөлменің пайдасы өте көп.

Қанекей дұрыс тыныс алайықшы? 1,2,3

Жарайсындар, балалар керемет жасадыңдар

№ 3 ойын тапсырма**Тақырыбы: «Шармен ойын» Ата-аналармен бірлескен жұмыс.**

Шарты: Ата-аналар түрлі-түсті шарларды үрлеп қағаз қиындыларын пайдаланып балаларға арнап ойыншықтар жасайды. (Балапан, тасбақа).

Ата — аналар сіздердің ойыншықтарыңыз өте әдемі шықты. Жарайсындар енді ойыншықтарды балаларға ұсына қойыңыздар.

Енді тобымызға қайтамыз. Сіздерге көп-көп рахмет.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.